



БҰЙРЫҚ

2020 жылғы 27 наурыз
Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 20
город Нур-Султан

Төтенше жағдайға байланысты пандемия кезінде қашықтан білім беру технологияларымен онлайн режимде білім беру процесінде техникалық қолдау көрсету штабын құру туралы

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 12 наурыздағы № 20 қаулысын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 14 наурыздағы № 108 шығыс хаты негізінде коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу жөніндегі шаралар шеңберінде колледж қызметі үрдісінің шектелуіне байланысты колледж қызметінің онлайн режимде қашықтан білім беру технологияларымен (одан әрі-ҚБТ) жұмыс істеу тәртібін жүйелі жүзеге асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Колледждің келесі басқару және қосалқы әкімшілік қызметкерлері құрамынан студенттер мен оқытушыларға ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруда техникалық қолдау көрсету штабы (бұдан әрі-штаб) келесі тәртіпте құрылсын:

1.1. Штаб жұмысына басшылық етушілер-директордың ақпараттық технология бойынша орынбасары Ж.Мырзабекова, ақпараттық технологиялар маманы К.Хайыбхан.

1-курстың АКД-289, ПКО-290, АКК-291, ПКК-292, НК-293, ПТ-294, АКД-295, АКД-296, ЕЖФ-297, ТАТ-298, ПКБ-299, АКД-300, ПКО-301, ПКК-302, АКБ-303, АКД-304 оқу топтары бойынша № 01 штаб мүшелері директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Г.Сапарбекованың жетекшілік етуімен, информатика пәні оқытушысы А.Жанайдарова өндірістік оқыту шебері С.Ахметова;

2-курстың АКД-273, ПКО-274, АКК-275, ПКК-276, АКД-277, АКД-278, ПКБ-279, ТАТ-280, НК-281, ПТ-282, АКД-283, ПКО-284, АКК-285, ПКК-286, ПКК-287, ПКО-288 оқу топтары бойынша № 02 штаб мүшелері –директордың оқу-әдістемелік жұмыс бойынша орынбасары У.А.Кстаубаеваның жетекшілік етуімен, директордың тәрбие жұмысы бойынша орынбасары Н.Ақдаулетов, өндірістік оқытудың аға шебері С.А.Койшибаева;

3-курстың А-257, А-258, П-259, П-260, К-261, К-262, Т-265, ТАТ-266, П-267, ПК-268, А-269, П-270, МС-271 оқу топтары бойынша №03 штаб бойынша директордың кәсіптік оқыту бойынша орынбасары Н.М.Нуржауованың жетекшілік етуімен, бөлім меңгерушісі А.Рахимбекова, өндірістік оқыту шебері К.Бердибаева.

2. Штаб ҚБТ бойынша:

2.1. оқу процесіне қатысушылар (ата-ана, білім алушы, оқытушы, оқу топтарының өндірістік оқыту шебері) арасында өзара байланысты (форум, чат, бейне және аудиоконференциялар) қамтамасыз етеді;

2.2. ҚБТ іске асыру бойынша өздеріне бекітілген оқу топтары бойынша оқытушылар, оқу топтарының өндірістік оқыту шеберлері мен студенттер арасында қызметтерді онлайн платформадағы оқытудың басқа да қызметтерді ұйымдастыруды үйлестіреді;

2.3. оқу сабақтары бойынша оқытушы, оқу топтарының өндірістік оқыту шеберлері мен студент (білім алушы) арасындағы онлайн режимде платформа арқылы жүзеге

асырылатын қатынасты (кері байланыс, оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқудың өзара іс-әрекеті процесін бақылап, мониторинг жүргізеді.

3. Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалану арқылы оқу процесінің нәтижелі ұйымдастырылуын, студенттерге (білім алушыларға) білім беру бағдарламаларының оқу жоспалары мен күнтізбелік жоспарға сәйкес меңгерілуін бақылауға алып штаб басшыларына есеп беруді қамтамасыз етеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



З. Клышбаева